

Матаева А.Б.
«№9 Орта мектебі» КММ, Алтай қ.
Нургазиева Н.М.
Астана халықаралық университеті, Астана қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАМУ

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныптардағы қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мәселесі қарастырылған. Қазақ тілі сабағында түрлі тәсілдемелер мен оқу әрекетін түрлі формада ұйымдастыру сипатталған. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынылады.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, тапсырма.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады [1, б.6].

Заманауи мұғалімнің құзыреттілігі бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға және сабақта кең ауқымды дағдыларды қалыптастырушы бағалау негізінде әр оқушының деңгейін ескере отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз ету құзыреттілігін жетілдірумен байланысты.

Соңғы уақытта республикамыздағы мектептердің халықаралық зерттеулерге қатысып жатқаны баршамызға аян. Бұл зерттеулер негізінен функционалдық сауаттылықты құрайтын үш компонентті қарастырады: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыс сауаттылығы.

Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі сабақтарында оқушыларының оқу сауаттылықтарын дамыту пәннің үлгілік оқу бағдарламасында да көрініс тапқан. Бастауыш білім деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында «Қазақ тілі» оқу пәнінің мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекетімен күнделікті өмірде еңсеру деп айқындалған [2].

Бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәніндегі оқу материалы оқушылардың бойында негізгі функционалдық сапалардың бірі - меңгерген білімін сауатты қолдана алуы болып табылады.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарына басымдық беру [3, б.72].

Қазақ тілі сабақтарында мұғалім оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, сапалы білім беру, функционалдық сауаттылықтарын дамытудағы қажырлы еңбегінің нәтижесі оқушылар 4-сыныпқа жетіп, PISA, TIMSS немесе PIRLS зерттеулері сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне түскенде немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары негізінде жүзеге асырылатын Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі (ББЖМ) кезінде көрінеді.

Мұндай зерттеулердің мақсаты – 4-сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, алған білімі мен дағдыларды өмірлік жағдайларда қолдануына бағытталатын болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қазақ тілі сабақтарында қалай еңсеруге болады? Сабақта балалардың мәтінмен толыққанды жұмыс істей алуларын қамтамасыз ету, оқушылардың оқу сауаттылықтарын дамыту, өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларын дамытуда қалыпты нәтижеге қалай қол жеткізуге болады?

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұнын қарастыра отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту деңгейлері мен көрсеткіштері анықталды (1-кесте).

1-кесте. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту деңгейлері мен көрсеткіштері.

Деңгейлер	Көрсеткіштер
Жоғары деңгей	<ol style="list-style-type: none"> 1.Тірек сөздер арқылы мәтін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) құрай алады; 2.Сөздерді сөз таптарына талдай алады; 3.Жіктеу есімдіктерін септей алады; 4.Қаратпа, қыстырма сөздері бар сөйлемдер құрай алады; 5.Сөйлемге синтаксистік талдау жасай алады; 6.Берілген жоспар бойынша мәтін құра алады; 7.Мазмұндама, шығарма, шағын эссе жаза алады.
Орта деңгей	<ol style="list-style-type: none"> 1.Тірек сөздер арқылы шағын мәтін құрай алады; 2.Сөз таптарын өзара салыстыра алады; 3.Мәтіннен жіктеу есімдіктерін таба алады; 4.Мәтіннен қаратпа, қыстырма сөздерді таба алады; 5.Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдай алады; 6.Берілген мәтінге жоспар құра алады; 7.Мазмұндама, шағын шығарма жаза алады.
Төмен деңгей	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтіннен тірек сөздер таба алады, олармен сөйлем құрай алады; 2. Сөз таптарын ажырата алады; 2. Жіктеу есімдіктерінің ережесін біледі; 3. Қаратпа, қыстырма сөздердің ережесін біледі, мысал келтіре алады; 5. Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қоя алады; 6. Сұрақтар көмегімен мәтін мазмұнын айта алады; 7. Жай сөйлемдерді дұрыс құрай алады.

Ең алдымен, бала мектеп табалдырығын аттап, табысты бейімделуден өткен кезеңнен бастап, оқушыларды өз бетімен жұмыс істей алуға төселдіре білу қажет. Бұл қызмет мұғалімнен асқан төзімділік пен жауапкершілікті талап етеді. Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйретуде өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады (Perryetal, 2002):

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы,
- проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Таңдап алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет [4].

Бұл жерде оқушы-оқушы қатынасын іске асыру орынды. Тапсырманы алған бала оны қалай орындау қажеттігін өз бетімен қарастырады, ал егер түсінбесе ЖАДА құрдастар көмегіне жүгінеді. Осылайша, бірлескен іс-әрекет арқылы тапсырманы орындап, өз бетімен жұмыс жасауға жетеленеді. Сөйтіп,білім алушылар оқу әрекетінің жүйесін игереді, өзінің іс-әрекетін жоспарлауды және оны басқаруды үйренеді.

Сонымен бірге, мұғалім тәсілдемелер мен оқу әрекетін ұйымдастырудың түрлі формаларын қолданады. Білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады. Бұл - жүйелі-әрекеттік тәсілдеме. Бұл жерде, бастауыш сынып мұғаліміне оқушыларды жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретіп алулары орынды. Бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі, аудандық сараптама тобының мүшесі ретінде көптеген сабақтарға қатысып, бақылауда бастауыш сынып мұғалімдерінде оқытудың бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыруда бірқатар мәселелер туындап жатады. Санамалап кетер болсақ: топтық жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмауынан топ мүшелері тапсырманы орындау жолдарын ұқпай қалу қаупі бар. Қолдауды қажет ететін оқушылар өз мүмкіндіктерін көрсете алмай, алғыр оқушылардың көлеңкесінде қалып қалады.

Мұндай келеңсіздік болмауы үшін, оқушыларды бірлескен іс-әрекеттерді орындауды үйрету маңызды. Ең алдымен, әрбір топ мүшесі тапсырманы орындауды жеке өзі қарастырған жөн. Келесіде, топ басшысын сайлап алып, соңынан тапсырманы жұптаса, топтаса орындай бастайды. Бұл жерде мұғалім, жетістікке жетудің бірден бір жолы – әр тапсырмаға дескриптор беру екендігін назарда ұстаған жөн.

Ал, реттелген сыныпта оқушылар тапсырманы мұғалімнің ескертуінсіз, өз беттерімен жеке қарастыра бастайды. Біраздан соң мұғалім жұптасуға нұсқау берді. Яғни, әр оқушы дескрипторды ұға отырып, әрекеттеседі.

Тапсырма орындалып болған соң, мінетті түрде әр оқушы өз жұмысына рефлексия жасап, мұғалімнен кері байланыс алады. Яғни, оқушы оқу мақсаттарына сай нені орындай алды, неге қол жеткізе алмады, неліктен? Алдағы уақытта неге көңіл бөлуі қажет? Топ жұмысында нелер сәтті болды, неге қол жеткізе алмады? Неліктен? Осы тәріздес сұрақтар төңірегінде оқушылар ой толғанысқа түсіп, өзін өзі бағалауға қадам жасайды. Білім олқылығын қалыпқа келтіру үшін алдына міндеттер қояды. Міне, осындай жұмыстарды ұйымдастырып, оларға қолайлы орта әзірлеген кезде оқыту тиімді болмақ.

Осы аталған әдіс-тәсілдерді қолдану 4-сыныптың қазақ тілі сабақтарында түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асырылды. Оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған бірнеше тапсырма үлгілері бар.

1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдалана отырып, монолог жазыңыз. Тірек сөздер: тоқылдақ, екі есе, қоңыз, көмек керек, орманда, қаптап кетті, жұмысты, көп, істеп жүрмін (2-кесте).

2-кесте. 1-тапсырманы орындау көрсеткіші.

Деңгей	Көрсеткіштер
Жоғары деңгей	1. Берілген тірек сөздерді қолданып, монолог жаза алады; 2. Монологқа түрлі дереккөздерден мәліметтерді орынды қолдана алады;
Орта деңгей:	1. Берілген тірек сөздерді қолданып, шағын әңгіме құрап жаза алады; 2. Мәтін бөліктерін сақтап жазады.
Төменгі деңгей	1. Берілген тірек сөздермен жай сөйлемдер құрап жаза алады. 2. Құраған сөйлемін сөйлем мүшелеріне талдай алады.

2-тапсырма. 1. Берілген тірек сөздер арқылы мәтін құраңыз (3-кесте).

Елтай мен Ануарбек, бірінші сынып, жолда, нанның бөлігі, назар аудармастан, алды, басуға болмайды, обал, әжем.

2. Құраған мәтінді берілген мәтінмен салыстыр.

Екі дос.

Елтай мен Ануарбек бірінші сыныпта оқиды.

Екеуі келе жатқан жолдың үстінде нанның бөлігі жатты. Елтай назар аудармастан өтіп кетті.

Манарбек тоқтап, жерден нанды алды.

- Манарбек, таста, оны қайтесің? – деп сұрады Алтай

- Нанды басуға, жерге тастауға болмайды. Обал болады.

- Оны саған кім айтты?

- Әжем айтты.

- «Обал» деген не? – деді Елтай.

- Бәлкім, әжең білер. Сол кісіден сұрарсың.

- Әжем алыста, ауылда тұрады, - деп Елтай жауап қатпай үнсіз қозғалды.

3-кесте. 2-тапсырманы орындау көрсеткіші.

Деңгей	Көрсеткіштер
Жоғары деңгей	1. Дереккөздерден «Обал» сөзінің мағынасын тауып жазады. 2. Мәтіннің негізгі ойын анықтайды.
Орта деңгей:	1. Нанға қатысты тыйым сөздерді тауып жазады. 2. Септелген есімдігі бар сөйлемді тауып, көшіріп жазады.
Төменгі деңгей	1. Мәтіннен қаратпа, қыстырма сөздерді теріп жазады. 2. Жалқы есімдерді теріп жазады.

Осындай жүйелі жұмыстардың көмегімен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, оқу сауаттылығын дамытуға болады. Жарты жыл ішінде қолданылған әдіс-тәсілдер, тапсырмалар оң нәтиже беріп отыр. Сыныптағы 25 оқушының жеке көрсеткіштері әр тапсырма сайын өздерінің нәтижелерімен салыстырылып отырды. әр тапсырманы орындау барысында тапсырманы жоғары және орташа деңгейде орындайтындығындар саны арта түсті. Осы жұмыс оқу жылының

соңына дейін жүргізіледі. Келесі оқу жылында бақылау және эксперимент сыныптарында зерттеу жұмыстары жалғастырылады (4-кесте).

4-кесте. Қазақ тілі сабағында оқушылардың орындаған тапсырмаларының даму көрсеткіштері.

Тапсырмалар Деңгейлер	1-тапсырма	2-тапсырма	3-тапсырма
Жоғары	23%	39%	38%
Орташа	25%	45%	30%
Төмен	31%	51%	18%

Оқытудың негізгі қозғалтқышы – қызығушылық. Осындай тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалардың оқуға, сабаққа дайындалуға деген қызығушылықтары оянып, ынталары артты. Сыныпта қолайлы ынмытақтастық атмосферасы орнатылды. Әрбір қиындықты жеңген сайын оқушының өзіне деген сенімі ұлғайды. Бірлесе жұмыс істей отырып, оқушылар басқа оқушылардың қарқынына тәуелді болмайды, бір-біріне еркін көмектесе алады, басқа да шығармашылық жұмыстармен айналыса алады. Оқушылардың бағалары жақсарды. Осындай тапсырмаларды бастауыш сыныптың барлық сыныптарында қолдану оқушылардың түрлі зерттеулерге жағымды ахуалда қатысуына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалды сапаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

2. Бастауыш білім деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы №467 бұйрығы.

3. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

4. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей. Үшінші басылым. 2012-106 б.

Мисюрина Н.М.

КТУ «Школа-лицей №66», г. Караганда

РАЗВИТИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА, КАК ОДНА ИЗ ФОРМ РАБОТЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ

Аннотация. В статье изложены формы взаимодействия с ВУЗами, IT компаниями по развитию информационной, цифровой грамотности. Представлены некоторые результаты данного сотрудничества.

Ключевые слова: цифровая грамотность, партнерство, сотрудничество, формирование.

Формирование функциональной грамотности, становится одной из ключевых задач организаций образования. Что сегодня вкладывается в это понятие, и какова роль современных технологий при их формировании? Много лет концепция образования, относившаяся к индустриальной эпохе сводилась с формированию знаний и умений, грамотности чтения, письма и арифметике. Сегодня акценты смещаются и этого недостаточно для современного общества, на первый план выходит коммуникация, умение критически мыслить, исследовательский подход, поисковая деятельность, самообразование. Роль современного учителя перестает быть транслирующей, она преобразуется в сопровождающую и поддерживающую.